

Индекс районной газеты «Уақыт тынысы» («Путь к времени») - 19018. Стоимость подписки на 6 месяцев - 3500 тенге.

ӘКІМДІКТЕ

Аудан әкімдігінің кезекті отырысы өтті

Үржар ауданы әкімі Ақылбек Башимбаевтың төрағалығымен 5 қараша күні әкімдік мүшелері, «Amanat» партиясы Үржар аудандық филиалы, дербес бөлім басшылары, ауылдық округтердің әкімдері, ауданның мемлекеттік мекеме және кәсіпорын басшылары, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен әкімдік отырысы өтті.

Әкімдік отырысы басталмас бұрын Абай облысының әкімі Б.Уәлидің «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісін ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына және қоғамдық өмірге белсене араласқан, еңбек жолында жоғары көрсеткіштерге жеткен мемлекеттік қызметкерлерге, атап айтсақ, Алтыншоқы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Зульфат Ещановаға, экономика және қаржы бөлімінің экономика нақты секторының меңгерушісі Гүлманат Сиябековаға, Жоғарғы Егінсу ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Серік Қырықбаевқа, Үржар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Нина Кипаға және Абай облысы әкімінің Алғыс хаты аудан әкімінің орынбасары Серік Тлемесовке, Үржар аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Са-

орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымына Ғалымбек Төкенов, аудандық «Қазпошта» бөлімінің басшысы лауазымына Айбек Татубаев тағайындалды.

Аудан әкімінің кезекті отырысының күн тәртібінде қыс маусымында жолдарды күтіп ұстау жұмыстарына дайындық, аудан бойынша су құбырларының құрылысы жөнінде, мемлекеттік сатып алу бойынша 2025 жылы атқарылған жұмыстар, мемлекет меншігіне қайтарылған жерлерді қайтадан экономикалық айналымға енгізу тәртібінің жүзеге асырылуы, жер қатынастары саласында көрсетілетін мемле-



мезгілде жолды күтіп ұстау үшін арнайы техникалармен толықтырылды. «Таскескен-Бақты» автожолының бойында 2 жылыту пункттері қысқы мезгілге дайын. Сол сияқты аудандық маңызы бар жолдар «Үржар ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ қарамағында.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылдың 08 қыркүйегіндегі Жолдауында әкімдіктерге 2026 жылдың ортасына дейін барлық қайтарылған ауыл шаруашылығы жерлерін тұрақты экономикалық айналымға енгізу міндеті жүктелген болатын.

Осыған орай, Абай облысы әкімдігі «қайтарылған жер учаскелері қайтадан экономикалық айналымға енгізу туралы» жоспарды бекітті. 2022-2025 жылдар аралығында Үржар ауданы бойынша жалпы алаңы 79625,07 га жер телімі мемлекеттік қорға қайтарылды.

«Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2025 жылдың наурыз-маусым айларында және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 ақпандағы № 782 Жарлығына сәйкес көктемгі әскерге шақыру науқаны өткізіліп, күзгі әскерге шақыру науқаны жүргізілуде. Жарлықты іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 20 ақпандағы № 83 қаулысы негізінде, 2025 жылғы 27 ақпанда қабылданған «2025 жылдың наурыз-маусым және қыркүйек-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» Үржар ауданы әкімі Қаулысын орындау бойынша жұмыстар өз нәтижесін көрсетуде.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» 2012 жылғы 16 ақпандағы ҚР Заңының 27-бабы 3-тармағына сәйкес, азаматтарды әскери қыз-

метке шақыруды жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

«Абай облысы Үржар ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, парасаттылық-идеологиялық және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті ілгерілету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс бірінші кезекте ашықтыққа, қызметтерді алуға қолжетімділікке, қызмет көрсету мерзімдері мен сапасын сақтауға бағытталған.

Аудандық Жер қатынастары бөлімі 11 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Оның ішінде: 1-мемлекеттік қызмет қағаз жүзінде, 10-мемлекеттік қызмет «E-lisence» мемлекеттік порталы арқылы электронды түрде көрсетіледі. Бөлім тарапынан, жер қатынастары бойынша 2025 жылдың 1 қарашасына дейін 288 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Мемлекеттік қызметтің электронды түрде көрсетілуі – сыбайлас жемқорлықты азайтудың ең тиімді жолдарының бірі.

Қызмет алу үшін «жеке сөйлесу» қажеттілігі азайып, қызмет алушыларда тең мүмкіндік пайда болады. Бөлімде мемлекеттік қызметтер «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылдың 01 қазанындағы № 301 бұйрығымен бекітілген» жер қатынастары саласында мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қағидаларға сәйкес көрсетіледі.

Жер алу туралы ақпарат (конкурс, аукцион, бос жерлер тізімі) ресми сайттарда және бұқаралық ақпарат құралдарында да жарияланады.

Қабылданған шешімдердің ашық болу мақсатында - жер комиссиясының отырысы тікелей эфирде жүргізіледі және аудио, бейнежазба құралдарының көмегімен міндетті түрде тіркеледі.

Жиында аталған мәселелер бойынша тапсырмалардың уақытымен іске асырылуы және орындалуына бақылау жасалатындығы ескертіліп, тиісті бөлім басшылары мен ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар берілді.

Өз тілшіміз



мат Маусымбаевқа, SMM тілшісі Алина Усаеваға, «Үржар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жүргізушісі Қуандық Жүнісовке, құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің келісім-шарт негізіндегі маманы Өлібек Амангелдіге, дәрігер реаниматолог Ернұр Байдүйсеновке, дәрігер реаниматолог Қанат Абдрахмановқа, УЗИ дәрігері Мәулет Жанұзақовқа, дәрігер хирург Айдын Құдайбергеновке, дәрігер хирург Ұлан Төлемісовке, дәрігер терапевт Арман Жүнісовке табыс етілді.

Сонымен қатар аудан әкімі Ақылбек Жұмабекұлы жиын барысында бірнеше тағайындаулармен таныстырды.

«Абай облысы Үржар ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Үржар ауданы әкімінің көмекшісі лауазымын атқару үшін Нұрбол Балтабеков, Үржар және Мақаншы біріктірілген қорғаныс істері бөлімінің бастығына әділет капитаны Дәулет Ибрагимов, «Абай облысы Үржар ауданының Жастар ресурстық

кеттік қызметтер және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында заң талаптарының орындалуы, әскерге шақырудың күзгі маусымдық іс-шараларының орындалу барысы, ауылдық округтердің әлеуметтік экономикалық дамуының 2025 жылдың III тоқсан қорытындысы бойынша мәселелері қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша аудан әкімінің орынбасары С.Тлемесов, аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының м.а Т.Бақберген, аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Р.Исаев, Үржар және Мақаншы біріктірілген қорғаныс істері бөлімінің бастығы Д.Ибрагимов баяндады.

Аудан бойынша ағымдағы жылы қысқы мезгілде жол қатынасының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында тиісті жұмыстар атқарылуда. Республикалық маңызы бар жолдар «Қаз Авто-Жол «ҰК» АҚ қарамағында болса, «Таскескен-Бақты» және «Алматы-Өскемен» 615-705 автожолын күтіп ұстаушы «ЖПУ-24». Қысқы

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

Мектеп құрылысы жұмыстарының барысымен танысты

Қарашаның 10-ы күні мәслихат төрағасы Асқар Омаров, аудандық мәслихат депутаты Зухра Нұржанқызы, білім бөлімінің басшысы Ержан Шәкеев және мердігермен Үржар ауылы Абай атындағы орта мектептің құрылыс алаңында болып, нысандағы жұмыстардың барысымен танысты.

Қазіргі уақытта мектеп ғимаратының құрылыс жұмыстарының 70 пайызы орындалған. Құрылыс алаңында 30-ға жуық жұмысшы еңбек етуде. Мердігер ұйымның өкілдері үстіңгі қабаттардағы жұмыстарды ағымдағы айдың соңына дейін толық аяқтауды жоспарлап отыр.

Жалпы, жоспар бойынша құрылыс жұмыстары 2026 жылдың ақпан айына дейін аяқталуы тиіс. Алайда, мердігер ұйым өкілдері нысанда жоспарланған мерзімнен бұрын аяқтауға ниетті екенін жеткізді.

Мектеп директоры Тұрсынғазы

Тұрдыбаевтың айтуынша, құрылыс барысы тұрақты бақылауда, жұмыстар сапалы жүргізіліп, белгіленген мерзімнен ауытқулар жоқ.

Сапар барысында халық қалаулылары аудан аумағында жүзеге асырылып жатқан білім беру нысандарының құрылысы — өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды бағыт екенін атап өтті. Сондай-ақ, жұмыстардың сапасы мен уақытылы аяқталуына ерекше назар аудару қажеттігін айтты.

Қазіргі таңда нысанның құрылыс барысы аудандық білім бөлімі мен



техникалық қадағалау мамандарының тұрақты бақылауында. Басты мақсат — жаңа оқу орда-

сын оқушыларға уақытылы әрі сапалы түрде тапсыру.

Өз тілшіміз

ГОСУДАРСТВЕННЫЕ УСЛУГИ

В области Абай защищены права предпринимателя путем удаленного мониторинга качества оказания государственных услуг

Департамент Агентства РК по делам государственной службы по области Абай эффективно использует удаленного мониторинга за качеством оказания государственных услуг в области Абай.

Данный инструмент контроля способствует заблаговременно выявлять и предотвращать нарушения в процессе оказания государственных услуг а также защищать права услугополучателей.

Примером успешного применения удалённого мониторинга стало взаимодействие с ТОО, которое подало заявку на получение разрешения на осуществление деятельности по сбору и реализации металлолома.

Согласно действующему законодательству, процедура лицензирования в этой области включает обязательное согласование с рядом

уполномоченных органов. Однако, в процессе согласования возникла ситуация, где согласующий орган заявил, что его компетенция не распространяется на данный вид деятельности и отказался от предоставления согласования. Это могло привести к отказу в выдаче разрешения ТОО.

В такой ситуации Департамент, благодаря удалённому мониторингу, оперативно вмешался в процесс оказания гос. услуги. Согласно решению правительства, все согласующие органы и их компетенции были чётко определены, и такая мотивировка не могла стать основани-

ем для отказа в выдаче разрешения. Департаментом услугодателя дано разъяснение о несоответствии действия согласующего органа законодательству, и если других причин для отказа нет, то государственная услуга должна быть оказана.

После вмешательства Департамента, ТОО получило свое разрешение, и процесс был завершён в рамках закона. Таким образом, благодаря удалённому мониторингу и оперативному реагированию Департамента, удалось защитить права услугополучателя и избежать безосновательных задержек.

Удалённый мониторинг представляет собой один из эффективных инструментов для контроля качества оказания государственных услуг. Который позволяет не только

своевременно выявлять возможные нарушения, но и оперативно устранять их в процессе оказания государственной услуги. В данном случае Департамент не только предотвратил ошибку, но и ускорил процесс получения разрешения для бизнеса, обеспечив справедливость и законность в решении. В настоящее время, удалённый мониторинг становится важным

инструментом в борьбе с бюрократией и волокитой, что повышает доверие граждан и бизнеса к государственной системе.

Департамент Агентства РК по делам государственной службы по области Абай

ЛУДОМАНИЯ - ҚОҒАМДЫҚ ДЕРТ

Құмар ойынға тәуелділік қаупі

Лудомания — бұл құмар ойындарға (казино, букмекерлік кеңселер, лотерея, онлайн-казино, ойын автоматтары және т.б) тәуелді болып, оны бақылаусыз ойнауы, нәтижесінде психикалық, әлеуметтік және қаржылық қиындықтарға тап болуы.

Гүлнәр ЖАҚАШЕВА



Шартты сурет

Бұл жай ғана қызығушылық емес — бұл психикалық бұзылыс, ол адамның өмірін, отбасын, қаржысын және болашағын бұзады.

Адам өзі тәуелді екенін мойындағысы келмейді немесе мәселесін байқамайды.

Сыртқы белгілері айқын болмауы

мүмкін — көңіл-күй түсу, уайым, ойын туралы ойлар көп болуы сияқты ішкі белгілер көбірек байқалады.

Ғылыми тұрғыдан, серотонин мен норадреналин деңгейлері төмен болуы мүмкін, бұл көңіл-күй мен ләззат сезіміне әсер етеді.

Кейбір белгілер мыналар болуы мүмкін:

- Ойынды басқара алмау - тоқтай алмай жалғастыру;
- Қаржылық шығындарға қарамастан ойын жалғастыру;
- Ойынға деген ойлардың күнбе-күн ойлануы;
- Міндеттер мен қызығушылықтардың өзгеруі — бұрынғы істерден бас тарту;
- Қарым-қатынастарда шиеленіс, отбасы мен достарымен ара-қатынастың нашарлауы.

Кейде психикалық қиындықтар — депрессия, мазасыздық, ұйқының бұзылуы байқалады. Жастарда лудоманияның өсуі байқалады. Әсіресе, мобильді ойындар мен «гаша» типті ойындар (ойында кездейсоқ бағалы заттарды сатып алу) тәуелділікке әсер етуі мүмкін екені зерттелуде.

Онлайн казино платформалары қазіргі уақытта жасанды интеллект пен машинелік оқыту әдістерімен ойыншы мінездемесін талдап, тәуелділікке әкелуі мүмкін мінез-құлықтарды анықтайтын жүйелер енгізуде. Оның бірі букмекерлік компаниялар мен казино иелері сарапшылар тобымен бірге адам психологиясын зерттейді, адамдарды көбірек ойнауға итермелейтін дизайн, дыбыстар, бонус жүйелерін арнайы жасайды.

Нәтижесінде, тәуелділіктің белгілері айқындала бастайды:

- Бір рет ұтып көріп, соны қайта сезінгісі келеді;
- Ұтылған ақшаны қайтару үшін тағы ойнайды;
- Ойын үшін қарызға кіреді;
- Уақыт пен ақшаның бәрін соған жұмсайды;
- Жақын адамдармен қарым-қатынасы бұзылады;
- Өзін тоқтата алмайды, бірақ «ертең қоямын» деп өзін-өзі жұбатады.

Бұл тәуелділіктің қауіптілігі: қаржылық күйреу (үй, көлік, барлық жалақы, бәрі ұтысқа кетуі мүмкін). Соңында жанұялық жанжал: ажырасуға дейін апарады, психикалық күйзеліске (депрессия, суицидке бейімділік) ұшыратып қана қоймай, қылмыстық жолға (ұрлық, алаяқтық) түсуге итермелейді.

Ең көп тәуелділік 18-25 жас аралығында байқалады. Бұл кеселден психологқа жүгіну, анонимді қолдау топтары (мысалы, Gamblers Anonymous), қаржылық шектеулер, картаға лимит қою, дос-жаранда-рыңмен ашық сөйлесу, онлайн-казино мен букмекерлік сайттарды бұғаттау арқылы шешімін табуға болады.

Мотивация: «Ұтылған уақытың мен ақшаң емес — болашағың. Қайтарып ұтатын жалғыз нәрсе — өмірің».

КӘСІПКЕРЛІК

Асыл дәмнің алты арқалаған аруы

Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары, жаны жаздай жайраңдаған.
Қыз өссе-елдің көркі деген сөзді,

Қапысыз қалай айтқан қайран бабам? - деп ақын қазақ қыздарының сұлулығын, инабаттылығын, ұлттық болмыс пен тәрбиедегі орнын ерекше ілтипатпен суреттегендей бүгінгі кейіпкеріміз жан болып жаралып, анасының ақ сүтінен нәр алып, асқар тау әке арқылы алпыс екі қан тамырына таралып, тал бесіктен талмай тәрбие көріп, еркін даланың ерке лағындай бойжеткен, бүгінгі таңда аңсаған арманы кәсіп түбі - нәсіпке қолы жеткізген, қарапайым еңбегімен елге танылып жүрген келбеті келісті, өмірі өрісті, игеріп жүрген көп істі жеке кәсіпкер Анар жайында болмақ.

Айқын АҚИҚАТ

Бүгінгі таңда көркіне ақылы сай, ана тәрбиесімен мінезге бай Анар Қабдырашатқызы алтын бесік – Үржар ауданында дүние есігін ашып, бақытты балалақ шақпен көңілі тасып, алғаш рет мектеп есігін имене ашып, ал ұстазы мейіріммен құшағына басып, талмай тәрбие мен білім алу нәтижесіне М.Горький атындағы (Б.Момышұлы) орта мектепті 1998 жылы «үздік» бітіріп, оқу түбі-тоқу деген айқын мақсатпен сол жылы Семей қаласындағы «Қайнар» университетінің студенті атану қуанышына кенеледі.

«Оқу - инемен құдық қазғандай» деген халық даналығын студенттік өміріне арқау еткен алғыр Анар университеттегі саналы өмірлерін ғылым жолына арнаған, білікті де тәжірибелі шәкірттеріне ұлық атанған ұлағатты ұстаздар қауымынан жан-жақты теориялық әрі практикалық білім алуда зейінділік пен зеректіктің, мамандыққа құштарлықтың үлгісін танытады.

Осылайша, ойға зерек, өмірге қорек білімді барынша санасына сарқылмастан сіңіру нәтижесінде «Юрист сознанием английского языка» мамандығы бойынша қызыл дипломмен бітіруге қол жеткізеді.

Адам көңілі - көлдей. Сол көңілдің сандығында көптен аялап, әлдилеп жүрген ойларың болады. Осы сырдың атқарылуы үшін жан дүниеде, ішкі әлемінде сілкініс болу керек. Оған бір нәрсе әсер ету керек демекші, арманы асқақ алғыр Анар алғашқы еңбек жолын аудан орталығындағы «Темірбанк» несие рәсімдеуші мамандығы бойынша қызметке қабылданып, заң талаптары аясында алдына келген қаражатқа мұқтаж жандарға бірінші ке-

зекте кішіпейілділікпен мәдениетті түрде қызмет көрсету арқылы тез тіл табысып, көлдей көңілмен көп алғысына бөлене бірнеше жыл абыроймен қызмет атқаруда елге танымал бола бастайды. Бойын да, ойын да бірдей салмақпен ұстай білген Анардың жүзінен мейірімділіктің,



имандылықтың, инабаттылықтың лебі ессе, жүріс-тұрысынан, сөзі мен ісінен, бүкіл болмысынан парасаттылықтың, бекзаттылықтың белгілері менмұңдалап тұратынын байқаған көп жігіттердің ішінен жер қозғалса да қозғалмайтын, сабырлы да салмақты, аспайтын, таспайтын, ішкі-сыртқы сұлулығы мен мәдениеттілігі мол ізге түскен аңшыдай қанжығасы майлаңған Ержанның бағы жанып, екі жақты ынтық сезіммен жар тандаудан жаңылыспай «Бір жақсы, бір жаман әр жерде бар, екі жақсы қосылған қай жерде бар?»

деген қазақы тәмсілмен отау құрып, сыйластықпен тату-тәтті өмір сүру арқылы өмірге шаңырақтың шатығын көлтіретіндей екі ұл сүйіп, оларды тал бесіктен тәрбиелеу үшін еріксіз біраз жыл еңбектен қол үзуге тура келеді.

Жаңұя - шағын мемлекет дегендей, сол мемлекеттің басшылары ретінде жұп жазбас жұбайы Ержанмен ақылдасқан Анар бизнеспен айналысу мақсатында шағын наубайхана ашып, алғашқы жаңұялық несібеге қол жеткізе бастағанда Ержанның апайы, кәсіпкер Нұрзия Сағатбекова өз іс-тәжірибесін айта отырып, қазіргі көз тойдырардай екі қабатты «Асыл дәм» наубайханасының негізгі ғимаратын салуға қаржылай көмек көрсетуі нәтижесінде 2015 жылы басталған құрылыс 2017 жылы аяқталып, қараша ай-



нысты «Берекелі істің берері мол, таба білсең ыңғайлы жол» деп, бірнеше жылғы кәсіпкерліктен жиналған қаржыларына 2022 жылы 120 орындық тойхана құрылысын бастап, 2023 жылдың маусым айының басында пайдалануға беріп, білгір аспазшы, даяшы, сатушыларды сайдың тасындай іріктеп алып, халық сұранысына сай адал да мәдениетті түрде қызмет көрсетулеріне бақылау мен басшылықты тұрақты күшейту арқылы табыстан-табысқа жеткені үшін аудан мен ауыл әкімдігінен, кәсіпкерлік бөлімінен бірнеше мәрте Алғыс хат иегері атанады. Бағалана білген жанның бағы зор демекші, нәзік жандылығына қарамай қанына жастай сіңген қасиетті намыспен ерлерден қалыспай ерекше еңбек үлгісін танытқаны үшін аудан әкімдігі Анар Қабдырашатқызын желтоқсан айындағы ҚР Тәуелсіздігі мерекесіне орай «Жылдың үздік кәсіпкері» аталымы бойынша арнайы Алғыс хат пен сертификат тапсырып, «Абырой» төсбелгісін салтанатты түрде табыстап, ел алдында мерейін өсіреді.

Еңбекті ерекше бағалайтын, елін өміріне сүйіп сыйлайтын, мұқтаж жандарға жан жылуын аямайтын Анар Қабдырашатқызы аудан көлемінде өткізілетін мерекелік шараларға, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға, өмір тауқыметін тартқан мүгедектігі бар балаларға және тағы сол сияқты тұрақты түрде қаржылай және азық-түлік түрінде жыл сайын жомарт жүрекпен жанды көмек көрсетіп, аудан тұрғындарының алғысын арқалап, 40-50 адамды жұмыспен қамтып отыр.

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!

Мейірімділік пен қайырымдылық айы

Қарттар мен мүгедектерге қолдау көрсету айлығына орай, Үржар аудандық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының Үржар ауылы әлеуметтік қызметкерлерінің ұйымдастыруымен бірқатар игі іс-шаралар өткізілді.

Шара барысында демеушілермен тығыз байланыс орнатылып, жан-жақты қолдау көрсетілді.

«Асыл дәм», «Ыстық нан», «Радуга», «Сұңқар», «Аружан», «Айжан», «Аққайнар», «Нұртай» дүкендері, «Жанар» жеміс-жидек дүкені, «Гүлжан» кеңсе дүкені және «Лакомка» кафесі ақшалай және тағам түрінде демеушілік көрсетті. Сонымен қатар «Аружан» кафесі өзінің ғимаратын ұсынып, ыстық тамақ пен салат әзірлеп берді.

Нәтижесінде, мүгедектігі бар балаларға және 18 жастан асқан психоневрологиялық ауытқулары бар адамдарға үйден әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің қызмет алушыларына мерекелік дастарқан жайылып, қарттарға арнайы сыйлықтар табысталды.

Осындай жүрегі кең, жомарт демеушілердің барлығына айрықша алғысымызды білдіреміз. «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» дегендей, орталығымыздың қызмет алушыларына көрсеткен қамқорлықтары үшін әрқайсысына шынайы ризашылығымызды жеткіземіз.

Ерекше атап өтсек, Дархан Баймұратов, Бағдат Байғұнұсов және Серік Бекшойынов орталығымызға теледидар тарту етіп, қызмет алушыларға үлкен қуаныш сыйлады. Сонымен қатар олар 300 мың теңге көлемінде қаржылай демеушілік көрсетті. Бұл қаражат денсаулық жағдайына байланысты қалада ота жасататын, ем қабылдайтын және тұрмысы төмен 8 қызмет алушыға бөлініп берілді.

Осындай қайырымды жандардың



арқасында көмекті қажет ететін қызмет алушылардың жүзіне қуаныш, жүрегіне жылу ұялады.

Ұжым атынан барлық демеушілерге шынайы алғысымызды білдіреміз!

Ізгі істеріңіз өздеріңізге еселеніп қайтсын!

К.Қаңтарбаева,
орталық директоры

МЕРЕКЕ

Кітап — мәңгілік қазына, кітапханашы — оның сақшысы!

«Мен кітапхананы ақыл-білім, адамгершілік ордасы деп білемін. Ал кітапханашыларды ешқашан жоғалмауға тиісті сол асыл қазына-ның сақшылары деп санаймын», - деп көрнекті жазушы, белгілі қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлы айтпақшы, руханияттың орда-сына айналған кітапханада қызмет ету жауапкершілік пен талмай із-денімпаздықты талап етеді.

Амантай ОСПАНОВ 



Күнделікті өмірде адамзаттың сарқылмас рухани байлығы кітап болса, сол байлықты ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші, асқан ақыл-ой мен үлкен парасат-пайым иесі кітапханашы болып табылады.

Осыған орай аудандық мәдениет үйінің өртісі Елшат Қайратұлының жүргізуімен руханияттың алтын қазынасы, ақпарат пен білімнің қайнар көзі - кітапханашылардың төл мерекесін кітап құмар оқырмандардың қатысуымен салтанатты түрде өткізу мақсатында арнайы төрге қойылған бірнеше дөңгелек үстел басына Үржар аудандық орталық кітапхананың директоры Райгүл Базарбаева, бас есепші, кітапханашылар: Гүлсімхан Қожағұлова, Райгүл Мерханова, Бақытгүл Шәпиева, Аида Микенова, Жұмахан Паршагүл, Мөлдір Самалханқызы, Ақнұр Арапбайқызы, Айгерім Рысбайқызы, Жанерке Тоқтасынқызы, Жансая Асылбекқызы және кітапхана есепшісі Тұрсынхан Абдрахманова,

тазалық саласының қызметкері Жанар Смағұловаларды қошеметті қол соғу құрметімен шақырды.

Музыкалық шашу ретінде жас талпакерлер Елмарыс пен Айзере «Кітапхана» әнін және «Сонар» би ансамблінің өнерпаз бишілері «Қазақ биін» шеберліктерімен орындай білді.

Кітап пен оқырманды байланыстыратын алтын көпір - кітапханашыларды төл мерекелерімен ардагер ұстаз, қазіргі уақытта аудандық «Уақыт тынысы» («Пульт времени») газетінің тілшісі Амангелді Оспанов, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жанат Андасова, кітапхана директоры Райгүл Базарбаева, зейнеткер кітапханашы Гүлсімхан Қожағұлова және «Сонар» би ансамблінің көркемдік жетекшісі Фарида Төлегеновалар қызу құттықтай отырып, өмірлеріне зор денсаулық, баянды бақыт, шалқар шаттық және шығармашылық табыс тіледі.



Көңілді көркейтп, мерейінді өсіретін кітапханашылардың төл мерекесі аясында ұйымдастырушылар тарапынан орталық кітапхана директоры Р.Базарбаева, кітапханашылар Г.Қожағұлова, А.Микенова, Б.Шәпиева, Р.Маржанова, Ж.Қонысбаева, П.Жұмахан, М.Тоқтамыс, А.Жүмәділова, А.Қадымбаева, Ж.Марат, Т.Абдрахманова және Ж.Смағұловалардың күнделікті атқарылған кәсіптік қызметтері жайында LED экраннан видеолар жүйелі де үлесімді, тартымды көрсетілді.

Салтанатты шараны жүргізуші Елшат Қайратұлының хабарлауымен жүрегі-кітапқа, ойы-оқырманға жақын жас кітапханашылар Ақнұр мен Мөлдірдің ұтымды ұйымдастыруымен сахна төріне арнайы қойылған көлемсыйлықтар тақтасына қазақтың ақын-жазушыларының кітаптарының аты жазып ілінген лотореялық билеттерін әркім өз қалауымен біреуін қиып алып, соңынан әр түрлі сыйлықтар ұтып алу арқылы көтеріңкі көңіл-күйге ие болды.

Мерекелік бағдарламаның соңына қарай аудандық орталық кітапхана директоры Райгүл Жүкенқызы сахна төріндегі мінберден орын алып, аудан кітапханашылары арасында жыл сайын «Әдеби байқау» керуені үздіксіз өтіп оты-

ратынын, ал биылғы жылы Әдеби керуен Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп, байқауға бес кітапхана қатысып, барлығы да Ұлы Абайдың сан қырын жан-жақты ашып, өте жоғарғы деңгейде өткізгендерін айта келе арнайы комиссия шешімімен 1-орын Таскескен ауылдық кітапханасына, кітапханашылары Райгүл Мержанова мен Жансая Қонысбаеваға, 2-орын Науалы ауылдық кітапханасы, кітапханашысы Бақытгүл Шәпиеваға, ал 3-орын Қарақол ауылдық кітапханасына, кітапханашысы Марат Жанеркеге беріліп, аталған жүлдегер кітапханашыларға аудан әкімі Ақылбек Башимбаевтың 1,2,3 дәрежелі дипломдары мен бағалы сыйлықтарын салтанатпен табыстау рәсімін аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Андасова мен орталық кітапхана директоры Райгүл Базарбаева жүргізіп, өнершең өнерлерімен шашу шашқан жас бүлдіршіндерді де Мадақтау қағаздарымен марапаттап, мереке барысы естелікке суретке түсіріліп, соңы мәдениет үйі әріптестерінің әуелете өн шырқауына ұласып, оқырман қауым ұйымдастырушыларға ақ алғыстарын арнады.

БӨРЕКЕЛДІ

Үржарлық ұландар ұлықталды

Салауатты өмір салтын қалыптастырып, ауадай қымбат денсаулықты нығайтуда спорт саласы маңызды мәнге ие екендігіне күнделікті өмірде көзіміз жетіп жүр емес пе?!

Амангелді ЗАМАНБЕКҰЛЫ 

Жақында Тәуелсіз Қазақстан Республикасы күні мерекесі қарсаңында Абай облысының орталығы Семей қаласында «Халық қайырымдылық қоры» бастама-сымен облыстық білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім» беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы КМҚК-нің ұйымдастыруымен «AUYL SPORT-2025» ауыл балалары арасында баскетбол спорт түрінен тартысты турнир ұйымдастырылған еді.

Бәсі биік жылдамдықты, ептілікті, жан-жақты қимылды, командалық әріптестеріне дәл доп бере білу және қарсыластар шығыршығына мергендікпен доп сала біліп, ұпай қорын молайта білуді қажет ететін облыстық баскетбол жары-

сына Үржар, Жаңа Семей, Бесқарағай, Көкпекті, Бородулиха және Мақаншы аудандарының «Сен тұр, мен атайын» дегендей, кіл мықты ойыншылары бәсекелестікпен өз жанкүйерлерін қуантқандай шебер ойындарымен көңілден шықты.

Нәтижесінде, Үржар ауданының намысын абыроймен қорғаған аудандық білімінің әдіскері әрі жаттықтырушы Нұрбек Усаев талмай баптаған Абай және Абылайхан атындағы орта мектептерден құралған команда азулы қарсыластарының мысын басып, «Абай облысының чемпионы» деген абыройлы атақ иесі атанып, арнайы кубок пен диплом иегері атанды.

Алты команданың иесінде үздік ойын өрнектерін көрсеткені үшін команда капитаны Азамат Дінмұ-



хамед «Үздік спортшы» бағамына, ал жеңімпаз команда дайындағаны үшін Нұрбек Усаев «Үздік жаттықтырушы» бағамымен ауданымызға асқақ сезіммен оралды.

Ендігі кезекте 3-6 қараша аралығында Алматы қаласында өткізілетін

«AUYL SPORT-2025» лигасы-

ның Қазақстан чемпионатында үржарлық ұлықталған ұландар Абай облысының намысын абыроймен қорғауды мақсат тұтуда.

Несі бар!? Өресі биік, өршіл өрендерімізге сәттілік серік болып, жүлдегер болуын тілейік.

ЧЕЛОВЕК И ЗАКОН

Алименты: обязанность, а не выбор

Увы, нередко случается, что вчерашние супруги, еще недавно любившие друг друга, становятся чужими людьми. После развода многие мужчины, потеряв статус мужа, ошибочно считают, что утратили и роль отца. В результате вся ответственность за воспитание и содержание ребенка ложится на плечи матери.



О том, как регулируются алиментные обязательства и какие меры предусмотрены законом для защиты интересов детей.

— Алиментные споры — не относятся к категории сложных, однако имеют свои особенности. В большинстве случаев родители, осознавая ответственность перед детьми, признают требования и добровольно исполняют обязательства.

Согласно статье 138 Кодекса «О браке (супружестве) и семье» РК, родители обязаны содержать своих несовершеннолетних детей. Порядок и форма выплат могут быть определены соглашением между сторонами — это досудебный, самый рациональный способ решения вопроса.

Однако, если родители не приходят к согласию, алименты взыскиваются в судебном порядке. Чаще всего к суду обращаются из-за конфликтов между бывшими супругами, когда эмоции берут верх над здравым смыслом.

Законом также предусмотрено

взыскание алиментов на детей, обучающихся очно до 21 года, и на нуждающихся супругов, включая беременных женщин и родителей, ухаживающих за ребенком-инвалидом.

Алименты подлежат немедленно исполнению. За просрочку предусмотрена неустойка в размере - 0,1 процента за каждый день задержки.

Даже лишение родительских прав не освобождает от обязанности содержать ребенка. Средства, выплачиваемые такими лицами, зачисляются на депозитные счета детей.

«Хотелось бы, чтобы вопросы по алиментам решались мирно, без суда — ведь от этого напрямую зависит благополучие ребенка». Алименты — это не наказание, а проявление ответственности и заботы о собственных детях.

Ергали Амангалиев,
частный судебный
исполнитель

КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

Бала тілін түзету – мейірім мен еңбекті талап ететін іс

Бала – өмірдің гүлі, отбасының қуанышы. Әр ата-ана өз баласының дұрыс сөйлеп, өз ойын еркін жеткізе алуын қалайды. Бірақ өкінішке қарай, соңғы уақытта сөйлеу тілі бұзылған балалар жиі кездесуде. Кейбір балалар дыбысты бұрмалап айтады, ал кейбірі сөйлем құрауда немесе ойын жеткізуде қиналады. Мұндай жағдайда логопед маманының көмегі ауадай қажет.

Логопед – баламен тіл табысып, оның жан дүниесіне үңіле отырып жұмыс істейтін ерекше маман. Бір дыбысты дұрыс айтқызу үшін кейде апталар, тіпті айлар қажет болады. Бірақ еңбектің нәтижесінде бала анық сөйлеп, өзіне сенімді бола бастағанда – бұл логопед үшін ең үлкен қуаныш.

Сөйлеу тілі тек сөз емес, ол – ойдың көрінісі. Сондықтан логопедиялық жұмыс барысында баланың есте сақтау қабілеті, назар

тұрақтылығы, ұсақ моторикасы, есту қабілеті мен психологиялық жағдайы да дамиды.

Логопед қанша жерден еңбек етсе де, егер ата-ана қолдау көрсетпесе, нәтиже баяу болады. Баланың тілін дамыту – тек маманның емес, ең алдымен ата-ананың міндеті.

Күн сайын:

- Баламен жылы сөйлесіңіз;
- Ертегі, тақпақ, жаңылтпаш айтыңыз;
- Бірге суретке қарап әңгіме

құраңыз;

- Телефон мен мультфильмді шектеулі уақытқа ғана рұқсат етіңіз.

Сөйлеу – адамның ішкі мәдениетінің көрсеткіші. Дұрыс сөйлейтін бала — ертең ойын ашық жеткізетін, өз пікірін қорғай алатын азамат болады. Сондықтан логопед мамандарының еңбегін бағалай отырып, әр ата-ана өз баласының тіл дамуына ерте жастан назар аударғаны жөн.

Бала тілі анық, сөзі мәнді болса – болашағы да нұрлы болмақ.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №223 бұйрығы бойынша «Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы

органдар көрсететін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібін бекіту туралы» заңнаманың негізінде Абай облысы білім басқармасының «Ұржар ауданының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ-нің мамандары тегін қызмет көрсетеді.

Біздің байланыс телефон: 3-22-07.

Арайлым Чаймұратова,
«Ұржар ауданының
психологиялық-
педагогикалық
түзеу кабинеті» КММ,
мұғалім-логопед

ДЕНСАУЛЫҚ

Туберкулезден сақтанайық!

Туберкулез ауруы – бұрын «құрт ауруы» деп аталған. Бүгінгі күнде бұл ауру әлем бойынша кең тараған және денсаулық сақтау саласының басты мәселелерінің бірі болып отыр.

Туберкулез - бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен сипатталатын қауіпті жұқпалы ауру.

Өкпе туберкулезімен жыл сайын 9 миллион адам ауырса, 2 миллион адам қайтыс болып, дүниежүзінде әр секунд сайын 1 адам ауру жұқтырады. Туберкулезге шалдыққандардың 75 пайызын 20-40 жастағы адамдар құрап, жұқтырғандардың 5-10 пайызында ғана ауру дамуы мүмкін.

Туберкулез бұл ағзаға туберкулез микобактериялары түсіп дамиды жұқпалы ауру. Оның көбеюіне ыңғайлы температура-адам денесінің температурасы. Туберкулез ауруының қоздырғышы туберкулездің микобактериялары болып табылады. Ол ауа-тамшы, ауа-шаң, жанаспа, тағамдар арқылы беріледі.

Жұқтырудың негізгі көзі-туберкулездің ашық түрімен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам.

Туберкулездің ашық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары бо-

лады, сондықтан мұндай түрімен ауыратын адамдар өте қауіпті деп есептелінеді. Яғни, туберкулездің ашық түрімен ауырған науқас адам сөйлегенде, жөтелгенде, түшкіргенде, түкірікпен, қақырықпен әлденеше миллиард туберкулез микробтарын бөліп шығарып, олар 1,5-5 метрге дейін шашырайды, ең қауіптісі ол ауада таралып, бір сағаттан көп уақыт сақталады. Науқас адамның жерге немесе еденге түкірген қақырығы бірте-бірте кебеді де, ақырында шаңға араласады, шаң ауаға көтеріледі, дем алған кезде сау адамның өкпесіне енеді.

Ал жабық түрінде қақырықта туберкулез таяқшалары болмайды, бірақ дерт асқынатын болса, туберкулездің мұндай түрімен ауыратын науқастар да ауру жұқтырады.

Ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел, шаршау және әлсіздік, дене салмағын жоғалту, тәбеттің төмендеуі немесе болмауы, температураның ұзақ көтерілуі 37-38,5°C, түндегі тершендік, кеуде қуысындағы ауырсыну,

қан түкіру аурудың негізгі белгілері болып табылады.

Толыққанды тамақтанбау, туберкулезбен ауыратын адамдармен тығыз, ұзақ қарым-қатынас жасау, маскүнемдік, темекі шегу, нашарлық, ілеспе аурулардың болуы туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар болып табылады.

Тері туберкулин сынамасы, рентгенологиялық тексеру, қақырықты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін микробтардың бар-жоғын анықтайды.

Туберкулездің алдын-алу шараларына салауатты өмір салтын ұстану-құнарлы тамақтану, үнемі дене шынықтырумен айналысу, темекі шегуден, алкогольден, есірткіден бас тарту, туберкулезді дер кезінде, уақытымен диагностикалық және емдеудің толық курсы аяқталғанға дейін емдету, сәби туылған кезде міндетті түрде БЦЖ екпесін алуды жатқызуға болады.

БЦЖ - туберкулез таяқшалары бар тірі вакцина. БЦЖ – иммунитетті қолдайды және ағзаның қорғаныш реакциясын күшейтеді. БЦЖ ағзаны миллиард туберкулездің және туберкулез менингитінің ауыр түрлерінен сенімді қорғайды.

Халықты туберкулезден қорғау үшін мемлекет барлық 15 жасқа толған жасөспірімдерден бастап жыл сайын тегін флюорографияға түсіреді. Өйткені туберкулез ауруының алғашқыда клиникалық белгілері көрінбей іште дамиды.

Флюорография арқылы аурудың алғашқы кезеңдерін анықтап, емделгенде науқас құлан таза жазылып кетеді. Жеке гигиена ережелерін сақтау: жуу құралдарын және ағынды суды пайдалана отырып, қолды, ыдыстарды жуу, тұрғын үй-жайларды ылғалды жинау және желдету, ет пен сүтті міндетті термалық өңдеу, жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды пайдалану арқылы аурудың алдын алуға болады.

Бір сөзбен айтқанда, бұл ауру әлеуметтік ауру болғандықтан салауатты өмір салтын ұстану арқылы ғана аталған ауыр дерттен құтылатыныңызды ескертеміз!

Мақсат Аббас,
Ұржар аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасының басшысы



Сакура гүлденгенде

(Соңы. Басы № 27 (7625) санында)

Үріп ауызға салғандай айдай әдемі, күндей көрікті қалыңдығын көрісімен бәрі-бәрін тарс ұмытып, су астындағы шаһарда күнде жиын, күнде тойға сайрандап шалқып жүріп қалады.

Қолтығында сылқ-сылқ буыны түсіп былқылдаған періштесінен басқаның бәрін ұмытып, есіл-дерті сұлуына түгел ауып, шалқып-толқып мәз-мейрам күн артынан күн өтеді.

Ұлы Дала патшасы қайтыс болады. Әкеңе топырақ сал! - деп шабармандар аптығып жетіпті.

Ұранға бұл хабар шыбын шаққандай әсер етпейті.

Ең құрыса қырқына келсін! Ел-жұрты әкесінің алтын тағына мұрагері ретінде отырғызбақ, - деп уәзірлері тағы келіпті.

Ұран тағы да селтетпей қояды. Бар қызығы өзінде, Назым қызға өлердей құмар болып, оның айтқанын ләппай дегізбей жүгіріп істеп, торға түскен балапандай оның қасынан аттап шыға алмай қалады.

Тірі болсаң көзіме көрінгің! Қара жерге кіріп кете сақтап жүрмін. Әкеңнен өлі, сенен тірі ажырап қайғыдан қан құсып жүрмін. Анам десең кел елге! - деп шешесі бұл емген қос емшегін көкке сауып, ақырғы тілегін бұған айтып, хабаршы жіберіпті.

Ұран хабаршыға ыржия қарап, былқ етпей:

- Бара алмаймын! - деп бір-ақ ауыз сөзбен қайтарып жіберіпті.

Су патшасы Сүлеймен ұлы мұхит астында тойын жасап, екеуін қосыпты.

Күн артынан күн, ай артынан айзырғып, жылдар қасқаққандай өтіп кетіпті.

Кешегі алпамсадай Ұран жігіт көужіреген шалға айналып, қалтылдап-дірілдеп, көкірегі сырылдап жатып қалыпты. Ал, Назым жыл аралатып, он қыз тапса да, құлын мүшесі бұзылмай сол баяғы сүмбілөдей сұлу қалпында құлпырып, жайнап сылаң қағып жүргенін көріп Ұлы Дала ұлы іштегі атбасындай шер-өкініштен аһ ұрыпты.

Баяғыда келіп-кетіп жүрген хабаршылардың бірі беріп кеткен қара былғары қобдишаны тауып, ішін ашып қараса, бір уыс қызыл мияны тамырымен беріп кеткен екен. Әлгіні иіскегенде елі есіне түседі. Тамырын тістеп шайнаса бұлыңғыр санасы шайдай ашылып кетіпті. Туған елі, өксікпен кеткен әкесі, зар жылаған шешесі бәрі-бәрі көз алдына келіп, қайғы-қасіреттен аһ ұрып, аласұрыпты.

«Қалай ғана гүл жазиралы Ұлы Дала жерімді, берекелі туған елімді біржола тас ұмытып кеттім?

Бүкіл ғұмырым су астында, бөтен патшалықта өтіпті ғой? Неге мұн-

дай зар күйге душар болдым?».

Сонда бойжетіп өсіп кеткен он қызы әкесіне келіп:

- Әке, неге жылайсыз? - депті бәрі жамырай. Ұран шал кемсеңдеп қайғысын айтып береді.

Шешеміз Назым су перісі ғой. Сүлеймен атамыз Су перісінің қызын алған, содан туған. Егер ол судан шықса, бүкіл кеудесінен төменгі жағы балық болып кетеді. Ол тек суда ғана өмір сүре алады.

тайшы боламыз. Вероника ханым солай деп ұйғарды. Енді не сәлем айтайын?...

- Ыстық сәлемін жолдады де. Әттең жетпіс үш жас тұсап ұстап тұр, әйтпесе құстай ұшып жетер едім ғой. Тілегіңе жет қарағым, еңбегің жемісті болсын! - деп батамды бердім.

Электронды пошта арқылы жіберермін деген жоғарыдағы хатымды сол бойы жібере алмай дал



Біз де солай болып қалдық. Сізді ұстап қалу үшін анамыз шешесінен бір түйір дәрі алып, сізге ішкізіпті. Содан сіз осы су патшалығында мәңгі қалып қалған екенсіз.

Біздер де су перісі болып сақ-сақ күліп, жағаға қарап жар болар жігіт іздейміз, - дегенде Ұран шалдың аузынан жалын шығып, өгіздей өкіріпті. Бүкіл ашу-ыза, кек-нала, қайғы-қасіреті үлбіреген пүліштей тыныш жатқан Ұлы мұхиттың астан-кестенін шығарыпты.

Он қызының қолында Ұран үзіліп кетіпті...

Ұлы мұхиттың асау толқындары ақ көбігін шашып жағалауды арс-арс ұрып, басын тоқпақтаған Ұранның ашу-ызасын білдіріп, жер бетіне шыға алмаған, ел-жұртын көре алмаған қайғы-шерін жеткізіп жатады дейді...

Тұп-тура жиырма күннен кейін Айсағали хабарласты.

- Аға, дайынсыз ба, мен билет алғалы жатырмын Жапонияға.

Қарағым, мен бара алмайтын болдым.

Неге аға? Көзді ашып-жұмғанша сізді демалдырып ұшып барар едік.

Денсаулығым көтермейді, инфарк алғам, жүрегім шыдамайды. Дәрігерлер рұқсат бермей отыр.

-Қап, өттеген-ай! Сізді алып келші деп, Вероника ханым қатты өтініп еді. Қап!...

Аға, келер жылдан бастап Ақтауда үлкен фармацевтика кешенін саламын, сіз екеуіміз соған құрыл-

болдым ғой. Алғашында Айсағали келгенде Жапонияға барғым-ақ келіп, іштей дайындала бастадым да, кейін күрт айныдым.

Мен Верамен кездесіп жүргенде тепсе темір үзетін жиырмадан жаңа асқан бұйра шашты, көлбетті шарболаттай шымыр ұзын бойлы жігіт едім. Бүгінгі көзіне шаңырақтай көзілдірік таққан, бүкірейген, басы қасқаланған, мыж-мыжы шыққан қаусаған кәрі шалды көргенде шошып кетер. Менің бейнем сол сері бозбала күйіме ғана есіне сақталсын. Ал, баяғы бұлықсыған қыз періште Вера қыз бүгіндері қандай екен?...

Әрине, уақыт албасты бәрін жалмап-жұтып, өң-түсімізден айырып, балбұл бейнемізді быт-шыт қылып көрілікке айналдыруы қандай қиянат. Тек өзгермейтіні - санаңдағы естелік, жүрегіңдегі құндақталған құпия сыр, сағыныш...

Вераға хат та жібермедім, ватсаппен де, скайппен де сөйлеспедім. Ол менің бүкшиіп, жамау-жамау әжім қаптаған, ескірген пошымымды көрмей-ақ қойсын. Екеуіміз балғын шақтағы бал күндерімізді ғана еске алып, сол кейіппен қалған ғұмырымызды өткізейік деп шештім.

Өмір сен қандай қысқа, катыгез едің? Кеше ғана арыстандай қайратты, тұлпардай тулаған арда жігіт едім, міне ит сүйреген тулақтай көнерген көужіреген тірі тұлпыққа айналыппын.

Тағдыр керуенінде мәңгі ілесіп

жүруің де екі талай, бір күні топ ете түсерің хақ. Тек уақыт қана мәңгілік!

Желтоқсан айы орталаса да қыс түспей тұрып, Жаңа жыл жақындағанда қар екі тәулік қапалақтап жауып, Алматыны ақ көрпесіне орап, бөлеп тастады.

Алатау баурайындағы үйіміздің алдының қарын немерем екеуіміз күреп жатқанбыз. Қалта телефоным шырылдап қоймады.

- Алло, алло Бектас аға, ассалау-мағалейкум! Қалыңыз қалай?

Бұл Айсағали ғой...

Айсағали? Қарағым, қайдасың? Ақтаудан ба?

Жо-жок, Жапониядамын. Токиядан хабарласып тұрмын. Аға, сізге жаналық айтайын. Біріншісі, үлкен компания аштым, Сіз екеуіміздің атымыздан. Төрт адамды осында әкеліп, үйретіп жатырмыз. Ең қуаныштысы Вероника ханым уәдесінде тұрып, өте үлкен инвестицияға қол қойды. «Қазақ елін дамытудан аянбаймын» деп шотыма алғашқы траншты аударып та берді. Керемет қой, аға!

Бәрекелді құтты болсын, қарағым!

Әлі талай жобаларды жүзеге асырамыз аға!

Екінші. Бір апта болды Сізге көңіл айтайын Вероника ханым аяқ астынан қайтыс болып кетті. Орнына өзі бала ғып алған туған інісінің үлкен ұлы президент болды. Енді сол кісімен жұмыстарды реттеудемін.

Не дейсің қарағым. Вера... Вероника... жоқ па сонда?...

Қап, өттеген-ай! Сіз әлі естімеген екенсіз ғой. Маған екеуіңіздің махаббаттарыңыз жөнінде бәрін айтып берген еді. Сіз дегенде жанын үзіп беруге бар ғазиз жан еді ғой... Сакура гүлдегенде екеуіңіз түскен суретті үлкейтіп кабинетіне іліп қойыпты.

- Аға, білесіз бе, Сіздің кітабыңызды жапон тіліне аудартып, шығарыпты. Сіз келгенде бір-ақ көрсетемін деп еді. Немересінің атын Бек деп атапты. Мойындағы Сіз сыйлаған ұшында жүрек бейнесі бар моншағын көрсеткен болатын.

Бекамен, екеуің бірге түсіп, ең болмағанда суретін әкелмедің бе деп еді...

Зың-зың...

- Аға, аға-ау?...

Тілім күрмеліп, сол жағым жансызданып, қисайып, әппақ қарға жантая кеттім.

Көрер күнім бар екен, есімді кардиология ауруханасында жидым. Қайран. Веражаным! Құлағымнан Тынық мұхиттың шуылы кетпейді. Бұлдыр-бұлдыр дүние... астан-кестең толқыған ұлы мұхит...

Қаңтар, 2024 жыл. Алматы.

Қоғамдық тыңдаулар

«Компания Абар» ЖШС 2025 жылдың қараша айының 20-сынан бастап 5 жұмыс күні аралығында Абай облысы, Үржар ауданы, Үржар ауылдық округі, Үржар ауылы, Бақты-Аягөз тас жолы, №2 жер телімі мекенжайы бойынша орналасатын «Автожанармай құю станциясының, автогаз құю станциясын және дүкеннің құрылысы» нысанының «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жұмыс жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz/>) сайтында танысуға болады.

Общественные слушания

ТОО «Компания Абар» сообщает, что с 20 ноября 2025 года в течении 5 рабочих дней на Едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz/>) будут проводится общественные слушания в форме публичного обсуждения раздел «Охрана окружающей среды» разработан к рабочему проекту: «Строительство автозаправочной станции, автогазозаправочной станции и магазина по адресу: область Абай, район Урджарский, сельский округ Урджарский, село Урджар, трасса Аягуз-Бахты, Земельный участок №2».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ!

Тұрғын үйлерде пештерді пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі ережелері



- Пеш алдына 500х700 мм темір қаңылтыр қағу.
 - Моржаны 3 айда 1 рет тазарту.
 - Бензинмен, керосинмен және басқа да тез тұтанатын сұйықтықтармен жағуға болмайды.
 - Пештің қызып кетуіне жол бермеңіз.
 - Жанып тұрған пешті қараусыз және балалардың қарауына қалдырмаңыз
 - Ұйықтамас бұрын пештегі оттың жанып біткеніне көз жеткізіңіз.
- Статистикаға сәйкес тұрғын үйлердегі өрттер, жылыту пешін пайдалану кезінде, өрт қауіпсіздік талаптары сақталмағаннан болып отыр. Атап айтқанда, жылыту маусымы басталғаннан бері ауданда 3 өрт тұрғын үй секторында орын алған.

Үржар ауданының
Төтенше жағдайлар бөлімі

ИЩЕМ НАСЛЕДНИКОВ

Открывается наследство после смерти **Оразгалиевой Карлыгаш Санеевны**, умершей 3 ноября 2025 года. Наследникам обращаться по адресу: Область Абай, Урджарский район, с.Урджар, ул.Жамбыла 26/5. К нотариусу А.Кенжебаевой.

Открывается наследство после смерти **Омаргазиной Кулсимхан Сериковны**, умершей 20 октября 2020 года. Наследникам обращаться по адресу: Область Абай, Урджарский район, с.Урджар, ул.Абая 58. К нотариусу Г.Жунусовой.

Открывается наследство после смерти **Сапарова Сатбая Сикимбаевича**, умершего 31 августа 2025 года. Наследникам обращаться по адресу: Область Абай, Урджарский район, с.Урджар, пр.Абылайхана 172, кв.1. К нотариусу Т.Ибраеву.

Қоғамдық тыңдаулар

«Компания Абар» ЖШС 2025 жылдың қараша айының 20-сынан бастап 5 жұмыс күні аралығында Абай облысы, Үржар ауданы, Қоңыр-шәулі ауылдық округі, Таскескен ауылы, Бақты-Аягөз тас жолының 92 шақырымы, №6 жер телімі мекенжайы бойынша орналасатын «Автожанармай құю станциясының, автогаз құю станциясын және дүкеннің құрылысы» нысанының «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жұмыс жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында (<https://ndbecology.gov.kz/>) танысуға болады.

Общественные слушания

ТОО «Компания Абар» сообщает, что с 20 ноября 2025 года в течении 5 рабочих дней на Едином экологическом портале (<https://ndbecology.gov.kz/>) будут проводится общественные слушания в форме публичного обсуждения раздел «Охрана окружающей среды» разработан к рабочему проекту: «Строительство автозаправочной станции, автогазозаправочной станции и магазина по адресу: область Абай, район Урджарский, сельский округ Коныршаулинский, село Таскескен, трасса 92 км автотрассы Бахты-Аягөз, Земельный участок №6».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

Көше атауын өзгерту туралы

2025 жылдың 10 қараша күні сағат 10.00-де Үржар ауылдық округі әкімдігі ғимаратының ардагерлер залында Үржар ауылдық қоғамдастық мүшелерінің жиналысы өтті.

Күн тәртібінде Үржар ауылының Северная көшесінің атауын Мұхтархан Мұқажанов көшесі деп өзгерту мәселесі қаралды. Жиналысқа жалпы 17 адам қатысты.

Қоғамдастық мүшелерінің пікірін ескере отырып, ашық дауыс беру нәтижесінде көше атауын өзгерту туралы шешім қабылданды. Шешімнің қорытындысы жиналыс барысында жарияланып, тиісті хаттамамен рәсімделді.

О переименовании улицы

10 ноября 2025 года в 10.00 часов в зале ветеранов здания администрации Урджарского сельского округа состоялось собрание членов общественного совета села Урджар.

В повестке дня: вопрос о переименовании улицы Северная в улицу Мухтархана Мукажанова.

В собрании приняли участие 17 человек. С учетом мнения членов общественного совета путем открытого голосования было принято решение о переименовании улицы. Итоги голосования были оглашены на месте и оформлены соответствующим протоколом.

Виктор Щуцкий,
Үржар ауылдық округі әкімінің м.а

Көше атауын өзгерту туралы

2025 жылдың 10 қараша күні сағат 10.00-де Қарақол ауылдық мәдениет үйінде Қарақол ауылдық округінің қоғамдастық жиналысы өтті.

Күн тәртібінде Қарақол ауылының 2 және 4 мөлтек аудандарындағы көшелерге атау беру мәселесі қаралды.

Атап айтқанда, 2 мөлтек ауданындағы көшеге – Көшкінбаев Нұрсейіт, ал 4 мөлтек ауданындағы көшеге – Атанчинов Кәрімтай есімдерін беру туралы ұсыныстар талқыланды.

Жиналысқа 47 тұрғын қатысып, ауыл халқының пікірі ескерілді. Ашық дауыс беру нәтижесінде ұсыныстар көпшілік дауыспен қолдау тапты.

Қорытынды бойынша көше атауларын өзгерту туралы шешім қабылданып, ол сол жерде жарияланып, тиісті хаттамамен рәсімделді.

О переименовании улиц

10 ноября 2025 года в 10.00 в доме культуры села Каракол состоялось собрание сообщества Каракольского сельского округа.

В повестку дня было включено обсуждение вопроса о переименовании улиц 2-го и 4-го микрорайонов села.

В частности, предложено присвоить названия:

- улице 2-го микрорайона — улица Кошкинбаева Нурсеита,
- улице 4-го микрорайона — улица Атанчинова Каримтая.

В собрании приняли участие 47 жителей. С учётом мнения сельчан переименование было проведено посредством открытого голосования. По итогам голосования принято решение об изменении названий улиц, о чём было объявлено на месте и оформлено соответствующим протоколом.

Марат Мұсабаев,
Қарақол ауылдық округінің әкімі

БАҚ-тың меншік иесі:
«Уақыт тынысы» («Пульс времени») газеті редакциясы және теледидары» ЖШС
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2023 жылы 3 ақпандағы №КЗ84VPY00064089 куәлігі берілген.
Мекенжайы: 071700, Үржар ауылы, Абылайхан даңғылы, 116.

ДИРЕКТОР - РЕДАКТОР
Зухра НҰРЖАНҚЫЗЫ

Редактордың орынбасары
Гүлнәр ЖАҚАШЕВА

ДИРЕКТОР - РЕДАКТОР
тел: 8 (72230) 3-36-11
Тілшілер: 3-44-19
Жарнама бөлімі:
8 (72230) 3-48-44
e-mail: cool.gazeta22010@yandex.kz

Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Газет «Рекламный Дайджест» ЖШС-ның баспаханасында басылды. Әскемен қаласы, Абай даңғылы, 20/1.
Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1861